



Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
№ 24 мектеп-лицейінің оқушысы
АМАНБАЙ НҰРБАНУ
Жетекші: Батырова Калдыбике Мадияровна

АТА-АНАНЫҢ РИЗАЛЫҒЫН МАҚСАТ ҚЫЛСАҢ...

Ұлтымыздың рухани қазынасындағы әлем мойындаған жауһарларымызбен асылдарымыздың мейлінше жарқырап көрінуінде, қазақәдебиеттану ғылымының рөлі айрықша болғаны ақиқат.

Абай дәуірінен бері қарайғы әдеби үдеріс шежіресін парақтасақ, ұлы ақынның өз ұрпақтары Ақылбай мен Мағауия, жаңашыл дәстүрін жемістіжалғастырған шәкірттері Шәкеәрім Құдайбердіұлы, Нарманбет Орманбетұлы, Көкбай Жаңатаев, ТайырОмартбаевтардан басталған таланттар жайында бірқатар сүзбелі зерттеулер, құнды еңбектер дүниеге келді.

Тұтастай алғанда, Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы туралы зерттеу ғалымның өмір жолына үзілмес арқау болып тартылған ғылыми желі десе болғандай.

Ғылымның жолын "инемен құдық қазғандай" деп жатамыз. Ғалымның қаламын инеге теңесек, шындығында да қаланың ұшы дәлдеп тиген жерден болашақ мол қазынаның бастау көзі ашылады. Талантты зерттеуші Сейфитден Сүтжановтың қаламы да Мәшһүр атасының (өз сөзімен айтқанда Мәшекеңнің) әруағы қолдап мол зерттеулерге жол ашты.



Ең алдымен, ол Мәшһүр ақын туып-өскен Баянауыл топырағынан шыққан халқымыздың аяулы ұл-қыздары, көрнекті қайраткер тұлғалар жөнінде зерттеулерге ден қойып, өлкетану саласында бірқатар құнды дүниелер жазды. Атап айтқанда, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов, Сәбит Дөнентаев, Қалижан Бекхожин, т.б. туралы жазылған зерттеулері арқылы "Аймақтық тұлғатану" курсының негізін қалады. Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінде өмірге келген бұл ғылыми курсты көп жылдардан бері оқу орнындағы "Абайтану", "Мәшһүртану" дәрістерімен қатар Сейфитден Назымбекұлының өзі талмай жүргізіп келеді.



Мəшһүр Жүсіп Көпейұлы – көрнекті ақын, публицист, этнограф, ағартушы, шежіреші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Мəшһүрдің өлен-жырлары көзінің, тірісінде-ақ ел арасында кеңінен тарады. Оның шығармаларын Алаш зиялылары жоғары бағалап, ақыл, кеңес сұрап, хат-хабар алмасып тұратын. Бірақ Совет билігі орнасымен қазақтың көп қайраткерлері секілді Мəшһүрдің шығармаларына тыйым салынып, әдебиеттен есімі сызыла бастайды. Алайда, өшірілмейтін сиямен жазған шығармасы бізге дейін мұра болып келеді.

Кедейліктің арқаны

Балалар, жалқау болма, шабан тартып,
Ілгері ұмтыла бас, күн - күн артып.
Арқаны кедейліктің - еріншектік,
Желкеңнен жібермейді мықтап тартып.
Қайрат қыл, жалқаулықтың жібін үзіп,
Көрген жан түңілмесін күдер үзіп.
Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,
Жүресің көрінгенге көзің сүзіп.
Мал көзде, ертенді-кеш ұйқыңды бөл,
Кім жұмсаса ұшып жүр, қайтарма тіл.
Басы білгіш, елгезекке кедейлік жоқ,
Кежірлік - кедейліктің ордасы, біл.

Жүсіп Көпейұлы

Өнерпаз

Өнерпаз қара жерге салар қайық,
Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып.
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта сайран етер болып ғайып.
Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып!
Басынды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырып қалмай үйде қыңырайып.
Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ,
Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.
Тамшыдан тама берсе, дария болар,
Кетпей ме ақырында бір молайып?!
Қылжақтап екі ауылдың арасында,
Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!

**Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті,
№ 266 мектеп-лицейдің 9 сынып оқушысы
ЖЕКСЕНЫ ӘСЕТ БАЛҒАБЕКҰЛЫ
Тәлімгер: Мамбетова Майра Нұрбайқызы**

АНА!

*Ана, сен өмірімнің мәнісің,
Айналамды құлпыртар сәнісің.
Ана сені жақсы көрем сыйлаймын,
Өмір бойы шырқалатын әнімсің!
Жан анашым, сені мәңгі сүйіп өтем,
Келсін мейлі, қанша күз қанша көктем,
Сарқылмас бұлағымсың өмірімнің,
Сенсіз әлем болады маған бөтен.
Анашым, мен сен туралы жырлаймын,
Мен ешқашан сені ешкімге қимаймын.
Жарық дүние есігінің кілті сен,
Жан жүрегім сені әрқашан сыйлаймын!*

*Түн ұйқыңды төрт бөлдің тек мен үшін,
Сарқылды ғой, мені өсіріп жиган күшің.
Ұмытпаймын қамқорлықты ешқашан,
Бұның бәрін ақ параққа түсірдім.
Роза гүлден әдемісің сұлусың,
Хор қызынан асып түсер арусың!
Ыстық леппен құшағыңды ашқанда,
Жан тәніме беріп тұрар жылусың!
Өмір бақи қарыздармын мен саған,
Бұйырса хақ алтыннан сырға тағам.
Бейнетіңнің зейнетін көрсетемін,
Қолыңды ұзартатын келін табам.*



**САЙДУЛЛАЕВА
ХАДИЧА**

**Тәрбиешісі: Бадаева Гульжан
Джолдасбековна**

**Түркістан қаласы
КГУ «№ 31 мектеп-балабақшасы»**

МББ аты: «Республикалық 45minut.kz» газеті
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: аптасына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы
Бас редакторы: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты:
білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

*«Республикалық 45minut.kz» газетіне жарияланған
ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі,
редакция жауапты емес. Жарияланған ақпарат авторларының
пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.*

*Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп,
2012 жылғы 19 наурызда № 12341-Г куәлігі берілді.
Газеттің қайта тіркеуден өткен күні: 08.08.2019 жыл
Куәлік № KZ48VPY00013618. Нұр-Сұлтан қаласы*

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.
Газет «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2024 жыл Телефон: 8 777 055 0590